

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРАҚТЫ
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ МОДЕЛІН ҚҰРУ
ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІ

ФИНАНСОВАЯ СИСТЕМА В УСЛОВИЯХ
СОЗДАНИЯ МОДЕЛИ
УСТОЙЧИВОГО ЭКОНОМИЧЕСКОГО
РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНА

THE FINANCIAL SYSTEM IN
THE CONTEXT OF CREATING A MODEL
OF SUSTAINABLE ECONOMIC
DEVELOPMENT OF KAZAKHSTAN

АСТАНА
ASTANA
2024

*Посвящается юбилею - 80-летию
Искаковой Загиры Дуйсембаевны*



***ИСКАКОВА ЗАГИРА ДУЙСЕМБАЕВНА
ISKAKOVA ZAGIRA DUYSEMBAYEVNA***

***ЭКОНОМИКА ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ДОКТОРЫ, ПРОФЕССОР
ДОКТОР ЭКОНОМИЧЕСКИХ НАУК, ПРОФЕССОР
DOCTOR OF ECONOMIC SCIENCES, PROFESSOR***

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА
THE MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF
KAZAKHSTAN
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY**



**«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРАҚТЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ МОДЕЛІН ҚҰРУ
ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІ»**

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының

МАТЕРИАЛДАРДЫҢ ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

Международной научно-практической конференции

**«ФИНАНСОВАЯ СИСТЕМА В УСЛОВИЯХ СОЗДАНИЯ МОДЕЛИ УСТОЙЧИ-
ВОГО ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНА»**

COLLECTION OF REPORTS

of the International scientific and practical conference

**«THE FINANCIAL SYSTEM IN THE CONTEXT OF CREATING A MODEL
OF SUSTAINABLE ECONOMIC DEVELOPMENT OF KAZAKHSTAN»**

АСТАНА, 2024

ASTANA, 2024

УДК 336 (574)
ББК 65.261 (5Каз)
Қ 18

Редакциялық алқа:

Мақыш С.Б. - Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректоры

Жағыпарова А.О. - Экономика факультетінің деканы

Ажмухамедова А.А. - Экономика факультеті деканының ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары

Мажитов Д.М. - «Қаржы» кафедрасының профессоры

Бұлақбай Ж.М. - «Қаржы» кафедрасының меңгерушісі

Майдырова А.Б. - «Экономика және кәсіпкерлік» кафедрасының меңгерушісі

Сембиева Л.М. - «Мемлекеттік аудит» кафедрасының меңгерушісі

Аманова Г.Д. - «Есеп және талдау» кафедрасының меңгерушісі

Мухияева Д.М. - «Менеджмент» кафедрасының меңгерушісі

Искаков Б.М. - «Тұран-Астана» университетінің «Іскерлік басқару» кафедрасының профессоры

Қ 18 «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРАҚТЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ МОДЕЛІН ҚҰРУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІ» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы= Международная научно-практическая конференция «ФИНАНСОВАЯ СИСТЕМА В УСЛОВИЯХ СОЗДАНИЯ МОДЕЛИ УСТОЙЧИВОГО ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНА»= International scientific and practical conference «THE FINANCIAL SYSTEM IN THE CONTEXT OF CREATING A MODEL OF SUSTAINABLE ECONOMIC DEVELOPMENT OF KAZAKHSTAN» – Астана: ИП «Булатов А.Ж.» – 572 б.(с.) - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-934-0

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРАҚТЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ МОДЕЛІН ҚҰРУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІ» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинағында жас ғалымдар, докторанттар, магистранттар мен студенттер жүргізген өзекті және проблемалық мәселелерді қамтитын авторлық зерттеулері берілген. Басылым студенттерге, магистранттарға, докторанттарға, сонымен қатар қазіргі ғылымның өзекті мәселелерімен айналысатын оқырман қауымға арналған.

В сборнике материалов международной научно-практической конференции, на тему «ФИНАНСОВАЯ СИСТЕМА В УСЛОВИЯХ СОЗДАНИЯ МОДЕЛИ УСТОЙЧИВОГО ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНА» представлены результаты авторских исследований по актуальным и проблемным вопросам, проведенных молодыми учеными, докторантами, магистрантами и студентами. Издание предназначено для студентов, магистрантов, докторантов, а также для широкого круга читателей, занимающихся актуальными проблемами современной науки.

The collection of materials of the international scientific and practical conference on the topic «THE FINANCIAL SYSTEM IN THE CONTEXT OF CREATING A MODEL OF SUSTAINABLE ECONOMIC DEVELOPMENT OF KAZAKHSTAN» presents the results of original research on topical and problematic issues conducted by young scientists, doctoral students, master degree students and undergraduates. The publication is intended for undergraduates, master and doctoral students, as well as for a wide range of readers studying current problems of modern science.

УДК 336 (574)
ББК 65.261 (5Каз)

ISBN 978-601-337-934-0

© Л.Н. Гумилев атындағы ұлттық университеті, 2024
© Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, 2024
© L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2024

болады. Мысалғы Қазақстанның ең үлкен онлайн сауда орыны- каспи магазин. Бұл сауда орнында әр сатушыға және сатып алушыға арнайы бағдарлама жасауға болады. Бұл бағдарламаға сәйкес әр сатушы саудадан алған табыстан белгілі бір пайызын қайырымдылық қорына бөледі. Ал сатып алушыларға сатып алу уақытында қайырымдылыққа белгілі бір соманы аудару мүмкіндігін қосудан бастауға болады.

Бұл бастаулар қарапайым адамдардың өмірін өзгертпейді, сол уақытта Қазақстан нарығында әр түрлі әлеуметтік мәселерді шешуге көмектесу мүмкін. Бұған дәлел eBay for Charity платформасы, бұл арқылы көптеген қайырымдылық қорлары алдына қойған мақсаттарға жетіп, қоғамның дамуына өз үлесін қосып жатыр.

Қолданылған әдебиет

1. Haig M. E-Business Essentials // London: Kogan Page. -1983.
2. Исследование компании PwC Kazakhstan анализ рынка розничной электронной коммерции в РК. Сілтеме: <https://www.pwc.com/kz/en/publications/e-commerce/pdf/e-commerce-12m-2021-rus-2.pdf> (қаралу күні 20.12.2022)
3. Baker, J., Kim, H., & Vikram, S. The Economics of Crowdfunding for Nonprofits // The Journal of Economic Perspectives. – 2019. P. 27-50.
4. Wei, S., Liu, W., & Wu, D. Understanding Donor Behavior in Charitable Crowdfunding Campaigns // Journal of Business Research. -2021. P. 103-112.
5. eBay for Charity (2022). About Us. Сілтеме: <https://www.ebayforcharity.org/about-us/> (қаралу күні 20.12.2022)

ӘОЖ (336.13.051)

МЕМЛЕКЕТТІК-ЖЕКЕШЕЛІК ӘРІПТЕСТІК ЖОБА МЫСАЛЫНДА ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫ DCF МОДЕЛІМЕН БАҒАЛАУ

Шамбыл Қ.Ә.

магистрант, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Астана қ., Қазақстан Республикасы
E-mail: koden2000@mail.ru

Андатпа. BINOM SCHOOL мемлекеттік-жекешелік әріптестік жоба ретінде қазіргі таңда республика тарапынан кең негізде жүзеге асырылып жатқан ауқымды мемлекеттік инвестициялық жоба. Аталған экономикалық объекті негізінде дисконтталған ақша ағындары әдісімен (DCF моделі) арқылы тиімділігін бағалау – мемлекетіміздің әлеуметтік-экономикалық дамуында аталған жобаның ролін айқындайды. Әлеуметтік-экономикалық сала коммерциялық пайда әрі ілеуметтік пайдалылық категориялары тұрғысынан мемлекет үшін де, капитал салушы инвестор үшін де тиімді болуы шарт. Аталған мақалада Ы.Алтынсарин атындағы BINOM School МЖӘ жобасы мысалында DCF моделімен есептелген пайдасы бағаланады.

Кілт сөздер: мемлекеттік-жекешелік жоба, DCF моделі, инвестиция, рентабельділік, әлеуметтік-экономикалық даму.

Аннотация. Binom SCHOOL как проект государственно-частного партнерства является масштабным государственным инвестиционным проектом, который в настоящее время реализуется республикой на широкой основе. Оценка эффективности методом дисконтированных денежных потоков (модель DCF) на основе данного экономического объекта – определяет роль данного проекта в социально-экономическом развитии нашего государства. Социально-экономическая сфера должна быть выгодной как для государства, так и для инвестора-капиталиста с точки зрения категорий коммерческой выгоды и экономической полезности. В данной статье оценивается прибыль, рассчитанная моделью DCF на примере проекта ГЧП BINOM School им.И. Алтынсарина.

Ключевые слова: проект государственно-частного партнерства, модель DCF, инвестиции, рентабельность, социально-экономическое развитие.

Annotation. Binom SCHOOL as a public-private partnership project is a large-scale public investment project, which is currently being implemented by the republic on a broad basis. The

effectiveness assessment using the discounted cash flow method (DCF model) based on this economic object determines the role of this project in the socio-economic development of our state. The socio-economic sphere should be beneficial for both the state and the capitalist investor in terms of categories of commercial benefit and economic utility. This article estimates the profit calculated by the DCF model using the example of the I. Altynsarin BINOM School PPP project.

Key words: public-private partnership project, DCF model, investments, profitability, socio-economic development.

BINOM SCHOOL – BI Group инновациялық құрылыс холдингі мен Астана қаласының әкімдігі арасындағы мемлекеттік-жекеменшік әріптестік тетігі арқылы жүзеге асырылатын білім саласындағы бірегей жоба. Талдау 2020-2027 жылдары аралығында жүргізіледі. Неге аталған период? Себебі, мектептің мемлекет балансына өту уақыты пайдалануға берілгеннен 6 жыл өткеннен кейін басталады және мектептің құрылысы 2020-2022 жылдары аралығында жүргізілген.

Кесте 1 - Ы.Алтынсарин атындағы BINOM School МЖӘ жобасының 2020-2027 жылдары аралығын қамтитын уақыт периоды бойынша қаржы моделі

№	Көрсеткіш атауы	Өлшем бірлігі	2020	2021	2022
1	Оқушылар саны	орын	-	-	2 500
2	Оқушыға жылдық қаржыландыру (6 жыл - МЖӘ)	мың.тг./орын	-	-	624
3	Көрсетілген қызмет көлемі/Жылдық қаржы.	мың.тг.	-	-	519 968
4	Ағымдық шығындар (ОРЕХ)	мың.тг.	-	-	119 968
5	ЕВИТДА	мың.тг.	-	-	400 000
6	Жалпы рентабельділік	%	-	-	77%
7	Салықтар (КПН)	мың.тг.	-	-	51 997
8	Кредит проценті төлемдері	мың.тг.	58 500	58 500	58 500
9	Таза пайда	мың.тг.	-	-	289 503
10	Таза рентабельділік	%	-	-	56%
11	Жеке капитал салымдары (САРЕХ)	мың.тг.	1 925 000	1 925 000	3 850 000
12	Мемлекеттің инвестициялық шығындары	мың.тг.			612 600
13	Мемлекет тарапынан шығындар	мың.тг.	-	-	1 132 568
14	Мемлекетке қосымша активтер (салық+кредит төлемдері+иеленген актив құны)	мың.тг.	58 500	58 500	1 393 830
15	Мемлекетке пайдасы/зиян	мың.тг.	-	-	261 263
16	Мемлекет бюджеті экономиясы	мың.тг.	6 054 159		

1-кесте жалғасы

2023	2024	2025	2026	2027
2 500	2 500	2 500	2 500	2 500
642	662	683	708	735
1 605 375	1 654 020	1 708 502	1 769 523	1 837 865
405 375	454 020	508 502	569 523	637 865
1 200 000	1 200 000	1 200 000	1 200 000	1 200 000
75%	73%	70%	68%	65%
160 538	165 402	170 850	176 952	183 787
58 500	58 500	58 500	58 500	58 500
980 963	976 098	970 650	964 548	957 713

61%	59%	57%	55%	52%
-	-	-	-	-
690 000	966 000	1 081 920	1 211 750	1 357 160
2 295 375	2 620 020	2 790 422	2 981 273	3 195 026
1 502 371	1 507 235	1 512 684	1 518 786	1 525 620
-793 004	-1 112 785	-1 277 739	-1 462 487	-1 669 406

Кесте 2

Ы.Алтынсарин атындағы BINOM School МЖӘ жобасының 2020-2027 жылдары аралығын қамтитын уақыт периоды бойынша DCF моделі [2]

№	Көрсеткіш атауы	Өлшем бірлігі	2020	2021
1	Таза ақша ағыны	мың.тг.	-1 983 500	-1 983 500
2	Дисконт ставкасы	%	9%	9%
3	Дисконт индексі	коэффициент	1	1,2
4	Дисконтталған ақша ағыны	мың.тг.	-1 983 500	-1 669 472
5	Ұлғаймалы дисконтталған ақша ағыны	мың.тг.	-1 983 500	-3 652 972

2 кесте жалғасы

2022	2023	2024	2025	2026	2027
-2 947 897	1 670 963	1 942 098	2 052 570	2 176 298	2 314 874
9%	8%	8%	8%	8%	8%
1,3	1,4	1,5	1,6	1,7	1,9
-2 276 317	1 228 207	1 321 759	1 293 467	1 269 849	1 250 654
-5 929 289	-4 701 082	-3 379 323	-2 085 856	-816 007	434 648

Кесте 3

Ы.Алтынсарин атындағы BINOM School МЖӘ жобасының 2020-2027 жылдары аралығын қамтитын уақыт периоды бойынша DCF моделінің тиімділік көрсеткіштері

№	Көрсеткіш атауы	Өлшем бірлігі	Мәні
1	NPV	мың.тг.	434 648
2	IRR	%	10%
3	CAPEX	мың.тг.	7 700 000
4	PP	жыл	6,1
5	DPP	жыл	7,2
6	PI	коэффициент	6%
7	ARR	%	12,6%

Ы. Алтынсарин атындағы BINOM School мемлекеттік-жекешелік әріптестігі жобасының тиімділігінің қаржылық моделі бойынша қажетті параметрлері жоғарыдағы кестеде көрсетілген. Жобаның капитал салымдары мен жалпы ауқымының үлкен болуына байланысты, және де салалық ерекшеліктерімен байланыстыра отырып, 2020-2027 жылдары аралығындағы уақыт периоды қорытындысы бойынша NPV мәнінің айтарлықтай үлкен болмауы – заңдылық. Аталған факторға әсер етуші маңызды фактор – ішкі табыстылық нормасы [3] IRR-дің дисконт мөлшерлемесінен төмен болуы ($IRR > WACC$, $9\% < 10\%$). Жобаның өтелу және дисконтталған өтелу мерзімдері сәйкесінше 6,1 және 7,2 жылды көрсетіп отыр. NPV мәнінің кішігірім болуына байланысты пайда индексі PI-де 6% деңгейінде анықталып отыр. Жалпылама айтқанда, жоба

бастапқы деңгейде тиімділігі төмен болып көрінгенімен, жобаның ауқымы мен салалық ерекшелігіне байланысты мемлекет тарапынан ағымдық және инвестициялық шығындарын өтеу мәселелерін атап өткен жөн. Тәжірибе есебінде әлеуметтік жобаның қарастырылып отырған уақыт мерзімі – Ы.Алтынсарин атындағы BINOM School жобасының тек жоспарлы кезеңі болып табылады, екіжақты келісіммен МЖӘ шарты тағы да 8 жылға ұзартылуы мүмкін және пролангация жобаның тиімділігіне оң әсерін береді.

Қарастырылып жатқан саладағы мемлекеттік-жекешелік әріптестіктегі инвестициялық жобаның тиімділігін бағалауда қолданыста кеңінен тараған дисконтталған ақша ағындары DCF әдісі, сезімталдылыққа талдау мен сценарийлер әдісі, стресс-тест әдістерінен бөлек, имитациялық модельдеу, Монте-Карло әдісі, мүмкіндіктер ағашы мен шешімдер ағашы, кросс-тест секілді компьютерлік және математикалық модельдеуді талап ететін инвестициялық жоба тиімділігін бағалайтын әдістерді қолдану – МЖӘ секторында жүзеге асырылатын жобаларға қатысты талдау нәтижелерінің дәлдігі мен объективтілігін арттыруға мүмкіндік беретін құрал-жабдықтар ретінде санауға болады. Бұл талдау түрлері, әрине, жобалар тізімінен ең тиімдісін таңдауға және/немесе жүзеге асырылып жатқан жобаның даму траекториясын болжауға мүмкіндік береді, бірақ инфрақұрылым және/немесе ірі мемлекеттік-жекешелік әріптестік саласында инвестициялық жобалардың талдау әдістерінде әлі де ескерілмей қалатын үлкен мәселелер бар [4].

Ы.Алтынсарин атындағы BINOM School» BINOM Education» ЖШС тәжірибесі мысалында МЖӘ бойынша нақты ұсыныстар:

1.МЖӘ-нің қоғамдық инфрақұрылымға, демек, экономикаға қосқан үлесін арттыру үшін шешімі маңызды болып табылатын бірінші кезектегі міндеттерді тұжырымдап, инфрақұрылымдық кешенде стратегиялық жоспарлау жүйесін дамыту

2.МЖӘ жобаларының активтерінің құнын бағалауды енгізу және әлеуметтік-инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асырудың әлемдік практиканы енгізу

3.МЖӘ жобаларын бағалау әдіснамасын дамыту және тәуекелдерді басқару жүйесінің маңыздылығын арттыру, жобаларды бағалау кезінде оларды тараптар арасында бөлу мәселелерін қоса алғанда, тәуекелдерді бөлуде табыстылық пен маржинальділік принциптерін енгізу

4.МЖӘ жобаларын басқару жүйесін жетілдіру, оларды жоспарға қабылдаудан бастап іске асырылған жобалардың аудит мәселелеріне дейін арнайы келісім-шарт немесе МЖӘ туралы ҚР Заңында қарастыру

5. Іске қосылатын МЖӘ жобаларын қолдау шараларын жүйелеу және толықтыру, бүкіл жобалық циклде жобаларды басқару саласындағы мемлекеттік қызметшілердің біліктілік деңгейін арттыру және жобалардың жеке сектор бойынша оператор таңдауда шетелдік инвесторларды қарастыру және ішкі инвестор таңдалған жағдайда, олигополиялық немесе монополиялық позицияға тәуелсіз нысанда тексеру.

Ы.Алтынсарин атындағы BINOM School» BINOM Education» ЖШС МЖӘ саласындағы жоба ретінде өзінің результативтілігін көрсетті. Норма ретінде қабылданған 2500 орынға арналған мектепте қазір 4000-аса оқушы білім алып жатыр. Дегенмен, МЖӘ саласы Қазақстанда жетілмегендіктен, жоғарыда көрсетілген ұсыныстарды қабылдау – еліміздің мемлекеттік-жекешелік әріптестігінің тиімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Асват Дамодаран. Инвестиционная оценка: Инструменты и методы оценки любых активов / Пер. с англ. — 5-е изд. — Москва: Альпина Бизнес Букс, 2008. — С. 14-29
- 2 Виленский П.Л., Лившиц В.Н., Смоляк С.А. Оценка эффективности инвестиционных проектов. Теория и практика: Учебное пособие – 2 изд., перераб. и доп. – Москва: Дело, 2002. – С. 21-42
- 3 Борисова, О.В. В 2 томах. Том 1 : учебник и практикум для бакалавриата и магистратуры / О. В. Борисова, Н. И. Малых, Л.В. Овешникова. – Москва : Издательство Юрайт, 2016 – С. 11-92
- 4 Йескомб Э.Р. Государственно-частное партнерство в сфере инфраструктуры: принципы финансирования и управления / Пер. с англ. — 2-е изд. — Москва: Альпина Бизнес Букс, 2008. — С. 385-397